



Мемлекеттік қызметшілерді және мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға кандидаттарды тестілеу ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/33 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 20 наурызда № 8381 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 10 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрінің 29.12.2015 № 10 бұйрығымен.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса берілген Мемлекеттік қызметшілерді және бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткер азаматтарды тестілеу ұйымдастыру ережесі б е к і т і л с і н .

2. Тізімге сәйкес Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Мемлекеттік қызметті өткеру бөлімі (Т.Қ. Жұмағұлов) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді және ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық оны бірінші рет ресми жариялағаннан бастап қолданысқа енгізіледі бірақ, 2013 жылғы 26 наурыздан ерте емес.

Төраға	А. Байменов	
Қазақстан	Республикасы	Мемлекеттік
қызмет	істері	агенттігі
Төрағасының		
2013	жылғы	19
№	06 - 7 / 33	наурыздағы
		бұйрығымен
бекітілген		

Мемлекеттік қызметшілерді және бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткер азаматтарды тестілеу ұйымдастыру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік қызметшілерді және бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткер азаматтарды тестілеу ұйымдастыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) аттестациялауға жататын «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілер (бұдан әрі – мемлекеттік қызметшілер) мен «А» және «Б» корпустарының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлердің (бұдан әрі - үміткерлер) білімдерін және қабылеттерін әділ бағалау мақсатында оларды тестілеуден өткізудің тәртібін бекітеді.

2. Тестілеу мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) немесе оның аумақтық бөлімшелерінің мемлекеттік қызметшісі болып табылатын тестілеу әкімшісімен (бұдан әрі - әкімші) өткізіледі.

3. Тестілеуді өткізудің әділдігі жағдайлардың, уақыттың, нәтижелерді есептеудің, тестердің мазмұнының стандарттылығымен, сондай-ақ әкімшілердің сыбайлас жемқорлықты жібермеу әрекеттері туралы жазбаша шектеулерді қабылдауымен қамтамасыз етіледі.

4. Тестілеу рәсімдерін, тест тапсырмаларының деректер базасын қалыптастыруды және оларды жаңартуды техникалық қамтамасыз ету Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару ұлттық орталығымен (бұдан әрі - Орталық) жүзеге асырылады.

5. Тестілеу кезінде мемлекеттік қызметші немесе үміткер әкімшіге жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) бар жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

2. Аттестациялауға жататын «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге тестілеу өткізудің тәртібі

6. Мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) тестілеуге жіберілетін мемлекеттік қызметшілердің тізімін даярлайды.

Тізім келесі мәліметтерді қамтиды: тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), атқарып отырған мемлекеттік әкімшілік лауазымның санаты, ЖСН. Жеке мәліметтер ЖСН бар жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкестендіріледі.

Тізім уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне ұсынылады.

Мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) тестілеу өткізудің мерзімі мен орнын уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшелерімен келіседі.

7. Уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері тізім түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тестілеу кестесін қалыптастырады және кесте туралы мемлекеттік органның персоналды басқару қызметін (кадр қызметін) хабардар етеді.

8. Мемлекеттік органның персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) мемлекеттік қызметшілерді тестілеу өткізудің күні, орны мен уақыты туралы х а б а р д а р е т е д і .

9. Мемлекеттік қызметшілерге тестілеу осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес тестілеу бағдарламаларына сәйкес өткізіледі.

10. Тестілеуден өту кезінде осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес шекті мәннен төмен баға алған мемлекеттік қызметшілердің, алдыңғы тестілеу өткен сәтінен бастап он күнтізбелік күннен кейін, қайтадан тестілеуден өтуге құқығы бар.

3. «А» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерге тестілеу өткізудің тәртібі

11. «А» корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерді (бұдан әрі – «А» корпусына үміткерлер) тестілеу келесі бір-бірімен сабақтасқан мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасын білуге тестілеу;
- 2) л о г и к а л ы қ т е с т ;
- 3) біліктілік деңгейін анықтауға тестілеу;
- 4) мемлекеттік тілді білуге тестілеу.

Тестілеу өткізудің кезеңі үш жұмыс күнінен аспайды.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 22.01.2014 № 04-2-4/7 бұйрығымен (бірінші рет ресми жариялағаннан бастап қолданысқа енгізіледі).

12. Қазақстан Республикасы заңнамасын білуге тестілеу кезеңінде шекті мәннен төмен тестілеу нәтижесін алған «А» корпусына үміткерлер тестілеудің келесі кезеңдеріне жіберілмейді.

13. «А» корпусының кадр резервіне бір іріктеу аясында «А» корпусына үміткерлер бір рет ғана тестілеуден өтеді.

4. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерге тестілеу өткізудің тәртібі

14. Уәкілетті орган немесе оның аумақтық бөлімшелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерге (бұдан әрі – «Б» корпусына үміткерлер) тестілеуді азаматтардың өтініш білдіруі бойынша өткізеді .

15. Тестілеуге Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 13-бабы 1-тармағының бірінші бөлігінде және екінші бөлігінің 2) тармақшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін

Қазақстан Республикасының азаматтары қатысады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) .

16. Тестілеуге қатысу үшін «Б» корпусына үміткерлер «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы, оның ішінде Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің халыққа қызмет көрсету орталықтарына (бұдан әрі - қызмет көрсету орталықтары), сондай-ақ уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшесіне жүгіну жолымен осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысандағы өтінішті тапсырады .

«Б» корпусына үміткерлер тестілеуге қатысу үшін құжаттарды «электрондық үкімет» веб-портал арқылы тапсыруға қатысты ақпарат пен кеңесті халыққа қызмет көрсету орталықтарында, сондай-ақ уәкілетті органда немесе оның аумақтық бөлімшесінде ала алады .

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) .

17. «Б» корпусына үміткер тестілеудің күнін және уақытын тестілеу өткізуге бар бос орындар негізінде тандайды .

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) .

18. «Б» корпусына үміткерден тестілеуге қатысу үшін құжаттардың қабылданғаны «электрондық үкімет» веб-порталында қалыптастырылатын осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысанда тестілеу күні, уақыты және өту орны көрсетілген қолхатпен расталады .

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) .

19. «Б» корпусына үміткер осы Ереженің 5-қосымшасына сәйкес тестілеу бағдарламасы бойынша тестілеуден оның өтінішінде көрсеткен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымының санаты бойынша өтеді .

20. «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметінің лауазым санаттары үшін қарастырылған бағдарлама бойынша тестілеу нәтижелері тестілеу өткізілген күннен бастап бір жылдың ішінде жарамды .

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа

енгізіледі).

21. Тестілеуден өту кезінде шекті мәннен төмен баға алған «Б» корпусына үміткерлер қайта тестілеуді алдыңғы тестілеу өткізілген күннен бастап үш айдан кем емес мерзімнен кейін өтеді.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Тестілеу ұйымдастыру тәртібі

22. Тестілеуге ЖСН бар Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаты бар адамдар жіберіледі.

23. Тестілеу басталғанға дейін әкімші тестіленуші адамдарды тестілеу бойынша нұсқаулықпен таныстырады және оларда туындаған сұрақтарға жауап б е р е д і .

24. Тестілеу сәтінде өзін нашар сезінген адамдар ол туралы әкімшіге тестілеу өткізу басталғанға дейін хабарлайды. Бұл жағдайда ол адамдарды тестілеу осы күнгі басқа уақытта немесе тестілеу кестесіне сәйкес анықталатын басқа күні ө т к і з і л е д і .

25. Тестілеуді өткізуге арналған орын-жай тестіленушілердің орналасуына ыңғайлы жағдайға лайық болуы тиіс.

26. Тестіленуші адамдарға басқа адамдармен сөйлесуге, материалдармен алмасуға, қағаз немесе электрондық түрдегі ақпараттарды қолдануға, орын-жайды тастап кетуге тыйым салынады. Тестіленуші адамдардың қабылдайтын-беретін электрондық құрылғылары (оның ішінде қалталық дербес компьютерлер және өзге де электрондық жабдықтар) тестілеуді өткізу у а қ ы т ы н д а ө ш і р і л е д і .

Тестіленуші адам осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптарын бұзған жағдайда әкімші осындай адамның тестілену процесін тоқтатады және оны тестілеу үшін орын-жайдан шығарып жібереді. Бұл ретте әкімші осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес нысандағы Тестілеу ережелерін бұзу туралы актіні (бұдан ә р і - а к т) т о л т ы р а д ы .

Ережені бұзған адамның тестілеу нәтижесі жойылады.

Акт толтырылған адамдар қайта тестілеуді акт толтырылған күннен бастап алты айдан кем емес мерзімнен кейін өтеді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа е н г і з і л е д і) .

27. Тестілерді орындауға уақыт:

1) заңнаманы білуге тестілеу бағдарламаларына байланысты:
«А» корпусының тестілеу бағдарламасы бойынша – 80 минөт (100 сұрақ), 70 минөт (80 сұрақ);

«Б» корпусының тестілеу бағдарламасы бойынша - 125 минөт (150 сұрақ), 110 минөт (135 сұрақ), 100 минөт (120 сұрақ), 100 минөт (90 сұрақ);

2) алып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 22.01.2014 № 04-2-4/7 бұйрығымен (бірінші рет ресми жариялағаннан бастап қолданысқа енгізіледі);

3) алып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 22.01.2014 № 04-2-4/7 бұйрығымен (бірінші рет ресми жариялағаннан бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 27-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 22.01.2014 № 04-2-4/7 (бірінші рет ресми жариялағаннан бастап қолданысқа енгізіледі); 11.12.2013 № 06-7/179 (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

28. «А» корпусына үміткерлерді мемлекеттік тілді игеру деңгейін анықтау бойынша тестілеу ҚАЗТЕСТ – қазақ тілін игеру деңгейін бағалау жүйесінің стандарттарына сәйкес өткізіледі.

29. Осы Ереженің 27 және 28-тармақтарында қарастырылған тестілердің арасындағы үзіліс 30 минөттен кем емес.

30. Тестерді орындауға берілген уақыт біткенде, программа автоматты түрде жабылады.

31. Компьютерлік тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу компьютерлік программа көмегімен автоматты түрде жүргізіледі.

32. Тестілеу аяқталғаннан кейін отыз минөттен кеш емес уақытта адамдарға тестілеу әкімшісінің және оператордың қолы қойылған және мөрмен расталған тестілеу нәтижелері беріледі.

Шекті мәннен төмен емес тестілеу нәтижесін алған үміткерге осы Ереженің 7-қосымшасына сәйкес нысандағы тестілеу өткендігі туралы сертификат беріледі.

Осы Ереженің 5-қосымшасында көрсетілген бірінші тестілеу бағдарламасы бойынша берілген сертификат екінші және үшінші тестілеу бағдарламаларына жататын «Б» корпусы мемлекеттік әімшілік қызметінің санаттарына жарамды.

Осы Ереженің 5-қосымшасында көрсетілген екінші тестілеу бағдарламасы бойынша берілген сертификат үшінші тестілеу бағдарламасына жататын «Б» корпусы мемлекеттік әімшілік қызметінің санаттарына жарамды.

Шекті мәннен төмен тестілеу нәтижесін алған «Б» корпусына үміткерге осы Ереженің 8-қосымшасына сәйкес нысанда шекті мәннен төмен нәтижелермен тестілеу өткендігі туралы анықтама беріледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі

төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

Мемлекеттік	қызметшілерді	
және	бос	мемлекеттік
лауазымдарға	орналасуға	әкімшілік
азаматтарды	тестілеу	үміткер
е р е ж е с і н е		ұйымдастыру
1-қосымша		

Мемлекеттік қызметшілерді тестілеу бағдарламалары

1. Аттестациялауға жататын «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді тестілеу бағдарламалары:

1) A-1, A-2, A-3, A-4, B-1, B-2, B-3, C-1, C-2, C-3, C-O-1, C-O-2, C-O-3, C-R-1, D-1, D-2, D-3, D-O-1, D-O-2, D-O-3, E-1, E-2, E-R-1 санаттары үшін:
мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма);
логикалық тест (10 тапсырма);

Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Конституциялық заңдарын, «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ) Заңдарын білуге арналған сұрақтар, сондай-ақ мемлекеттік органның жұмыс ерекшелігін ескере отырып, осы мемлекеттік органмен әзірленетін (және ұсынылатын) нормативтік құқықтық актілерді (15 сұрақ) білуге арналған тест сұрақтары кіреді;

2) басқа санаттар үшін:
мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма);
логикалық тест (10 тапсырма);

Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Конституциялық заңдарын, «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды

тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ) Заңдарын білуге арналған сұрақтар, сондай-ақ мемлекеттік органның жұмыс ерекшелігін ескере отырып, осы мемлекеттік органмен әзірленетін (және ұсынылатын) нормативтік құқықтық актілерді (15 сұрақ) білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Мемлекеттік қызметшілерді
және бос мемлекеттік әкімшілік
лауазымдарға орналасуға үміткер
азаматтарды тестілеу ұйымдастыру
е р е ж е с і н е
2-қосымша

Тестілеу нәтижелерінің шекті мәндері

1. Алынып тасталды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 22.01.2014 № 04-2-4/7 бұйрығымен (бірінші рет ресми жариялағаннан бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тест бойынша шекті мәндер:

1) «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу үшін әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша мүмкін болған 10 жауаптан кем дегенде 7 дұрыс жауап;

2) аттестациялауға жататын «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге:

«Б» корпусының А-1, А-2, А-3, А-4, В-1, В-2, В-3, С-1, С-2, С-3, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-Р-1, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, D-О-3, Е-1, Е-2, Е-Р-1 санаттары үшін әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша мүмкін болған 15 жауаптан кем дегенде 10 дұрыс жауапты құрайды;

басқа санаттар үшін әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша мүмкін болған 15 жауаптан кем дегенде 8 дұрыс жауапты құрайды;

3) «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу үшін: «Б» корпусының А-1, А-2, А-3, А-4, В-1, В-2, В-3, В-4, С-1, С-2, С-3, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-Р-1, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, D-О-3, Е-1, Е-2 санаттары үшін әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша мүмкін болған 15 жауаптан кем дегенде 10 дұрыс жауапты құрайды;

басқа санаттар үшін әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша мүмкін болған 15 жауаптан кем дегенде 8 дұрыс жауапты құрайды.

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

Мемлекеттік қызметшілерді
және бос мемлекеттік әкімшілік
лауазымдарға орналасуға үміткер
азаматтарды тестілеу ұйымдастыру

е р е ж е с і н е

3-қосымша

нысан

Қазақстан

Республикасының

Мемлекеттік

қызмет

істері

агенттігі

тел. _____

эл. мекен жайы _____

Өтініш

Ескерту. 3-қосымша жана редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

Мені «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына ____ санатына орналасуға ____ бағдарлама* бойынша тестілеуге жіберуіңізді сұраймын.

Мемлекеттік қызметшілерді және бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткер азаматтарды тестілеу ұйымдастыру ережесінің негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Тестілеу өту мекен-жайы: _____.

Тестілеу өтуді қалаған күні - _____.

Тестілеу өтуді қалаған уақыты - _____.

*Ескертпе: Тестілеу бағдарламасы үміткердің таңдаған санатын ескере отырып автоматты түрде анықталады.

«__» _____ 20__ ж.

Мемлекеттік қызметшілерді
және бос мемлекеттік әкімшілік
лауазымдарға орналасуға үміткер
азаматтарды тестілеу ұйымдастыру

е р е ж е с і н е

4-қосымша

нысан

ҚОЛХАТ

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға үміткердің _____
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
өтініші қабылданды.

Тестілеу өту күні: _____

Тестілеу өту уақыты: _____

Тестілеу өту мекен-жайы: _____

Ескертпе: Тестілеуден өту кезінде шекті мәннен төмен баға алған «Б» корпусына үміткерлер қайта тестілеуді алдыңғы тестілеу өткізілген күннен бастап үш айдан кем емес мерзімнен кейін өтеді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің автоматтандырылған тестілеуді өтуге тіркеу жүйесімен «электрондық үкімет» порталы арқылы берілді.

«__» _____ 20 __ ж.

Мемлекеттік	қызметшілерді	
және	бос	мемлекеттік
лауазымдарға	орналасуға	әкімшілік
азаматтарды	тестілеу	үміткер
е р ж е с і н е		ұйымдастыру
5-қосымша		

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға және мемлекеттік әкімшілік қызметтің кадр резервіне тұруға үміткерлерге тестілеу бағдарламалары

1. «А» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға кандидаттарды тестілеу бағдарламасы келесіні қамтиды:

1) осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген лауазымдарды қоспағанда, лауазымдар үшін – Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (10 сұрақ) конституциялық заңдарын, «Мемлекеттік қызмет туралы» (10 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (10 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (10 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан

Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (10 сұрақ) заңдарын білуге арналған тест;

2) облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссияларының төрағалары мен мүшелері лауазымдары үшін – Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (10 сұрақ) конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (10 сұрақ), «Мемлекеттік қызмет туралы» (10 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (10 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (10 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (10 сұрақ) заңдарын білуге арналған тест;

3) облыстық маңызы бар қалалардың, облыстар аудандарының және қалалардағы аудандардың әкімдері лауазымдары үшін – Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (10 сұрақ) конституциялық заңдарын, «Мемлекеттік қызмет туралы» (10 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (10 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (10 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (10 сұрақ) заңдарын білуге арналған тест;

4) л о г и к а л ы қ т е с т ;

5) біліктілік деңгейін анықтауға тест;

6) Қ А З Т Е С Т .

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 22.01.2014 № 04-2-4/7 бұйрығымен (бірінші рет ресми жариялағаннан бастап қолданысқа енгізіледі).

2. «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға тестілеу үш бағдарламадан тұрады:

1) бірінші бағдарлама А-1, А-2, А-3, А-4, В-1, В-2, В-3, В-4, С-1, С-2, С-3, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-Р-1, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, D-О-3, Е-1, Е-2 санаттарына арналған және келесіні қамтиды:

мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма);

логикалық тест (10 тапсырма);

Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан

Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын, «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Нормативтік құқықтық актілер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді;

2) екінші бағдарлама В-5, С-4, С-5, С-О-4, С-О-5, С-О-6, С-Р-2, С-Р-3, С-Р-4, D-4, D-5, D-О-4, D-О-5, D-О-6, Е-3, Е-Р-1, Е-Р-2, Е-Р-3, Е-Г-1, Е-Г-2 санаттарына арналған және келесіні қамтиды:
мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма);
логикалық тест (10 тапсырма);

Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Әкімшілік рәсімдер туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді;

3) үшінші бағдарлама С-Р-5, Е-4, Е-5, Е-Р-4, Е-Р-5, Е-Г-3, Е-Г-4 санаттарына арналған және келесіні қамтиды:
мемлекеттік тілді білуге тест (20 тапсырма);
логикалық тест (10 тапсырма);

Қазақстан Республикасының заңнамасын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ), «Мемлекеттік қызмет туралы» (15 сұрақ), «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» (15 сұрақ), «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» (15 сұрақ), «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (15 сұрақ), «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест сұрақтары кіреді.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

Мемлекеттік	қызметшілерді		
және	бос	мемлекеттік	әкімшілік
лауазымдарға		орналасуға	үміткер

азаматтарды
е р е ж е с і н е
6-қосымша
нысан

тестілеу

ұйымдастыру

Тестілеу ережелерін бұзу туралы АКТ

Ескерту. 6-қосымша жана редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

201__ ж. «__» _____ сағат _____ мин.
Т е с т і л е у _____ ә к і м ш і с і

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
Тестілеу операторы _____
_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
Қызметшінің/үміткердің _____
_____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
ЖСН _____ Мемлекеттік қызметшілерді және бос
мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткер азаматтарды
тестілеу ұйымдастыру ережесінің 26-тармағының бірінші бөлігін бұзу
фактісі анықталды: _____
(Ереже бұзудың қысқаша сипаты)

Тестілеу әкімшісінің қолы: _____
Тестілеу операторының қолы: _____
Актімен таныстым: _____
(жоғарыда аталған Ереже бұзушылыққа жол берген қызметшінің/үміткердің
қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)). Жоғарыда аталған
Ереже бұзушылыққа жол берген қызметшінің/үміткердің осы актіге қол
қоюдан бас тартқан жағдайда – тиісті жазба)

_____ (жоғарыда аталған Ереже бұзушылыққа жол берген қызметшінің/үміткердің
осы актіге қол қоюдан бас тартқанын растайтын басқа адамның қолы,
тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), ЖСН)

Мемлекеттік _____ қызметшілерді
және _____ бос _____ мемлекеттік _____ әкімшілік
лауазымдарға _____ орналасуға _____ үміткер

азаматтарды
е р е ж е с і н е
7-қосымша
нысан

тестілеу

ұйымдастыру

СЕРТИФИКАТ

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

_____ «Б» корпусының
(үміткердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға _____ қаласында
_____ бағдарлама бойынша тестілеуден «___» _____ 20__ ж. өткенін
растайды.

Тест атауы	Тестілеу сұрақтарының/ тапсырмалардың саны	Шекті мәні	Дұрыс жауаптардың саны

Сертификаттың қолданылу мерзімі тестілеу өткен күннен бастап бір жыл болып
т а б ы л а д ы .

Осы сертификат «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметінің

санаттарына жарамды.

Тестілеу әкімшісінің қолы: _____

Тестілеу операторының қолы: _____

«___» _____ 20__ ж.

М.О.

Мемлекеттік қызметшілерді
және бос мемлекеттік әкімшілік
лауазымдарға орналасуға үміткер
азаматтарды тестілеу ұйымдастыру
е р е ж е с і н е
8-қосымша
нысан

**Шекті мәнден төмен нәтижелерімен тестілеуден өткені туралы
АНЫҚТАМА**

Ескерту. Ереже 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 11.12.2013 № 06-7/179 бұйрығымен (01.03.2014 бастап қолданысқа енгізіледі).

«Б» корпусының мемлекеттік
(үміткердің аты - жөні)
әкімшілік лауазымына орналасуға _____ қаласында _____ бағдарлама
бойынша тестілеуден шекті мәннен төмен нәтижелерімен «____» _____
_____ 20__ ж. өткені туралы берілді.

Тест атауы	Тесттегі тапсырмалар сұрақтар саны	Шекті мәні	Дұрыс жауаптардың саны

Осы үміткер қайта тестілеуді осы тестілеу өткізілген күннен бастап үш айдан кем емес мерзімнен кейін өте алады.

Тестілеу әкімшісінің қолы: _____

Тестілеу операторының қолы: _____

«____» _____ 20__ ж.

М.О.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
қызмет істері агенттігі Төрағасының
2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/33
бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізімі

1) «Тестілеуді өткізу ережесін, Тестілеу программаларын және Тестілеу нәтижелерінің шекті мәнін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2008 жылғы 21 қаңтардағы № 02-01-02/11 Бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5113 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы, № 6, 2008 жылғы 10 маусымда жарияланған);

2) «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасы бірінші орынбасарының 2008 жылғы 9 қаңтардағы № 02-01-02/5 және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 21 қаңтардағы № 02-01-02/11 бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 25 ақпандағы № 02-01-02/33 (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 5151 тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер

жинағы, № 6, 2008 жылғы 10 маусымда жарияланған) бұйрығының 1-тармағының 2) тармақшасы;

3) «Тестілеуді өткізу ережесін, Тестілеу программаларын және Тестілеу нәтижелерінің шекті мәнін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 21 қаңтардағы № 02-01-02/11 бұйрығына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 02-01-02/95 Бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 6298 тіркелген);

4) «Тестілеуді өткізу ережесін, Тестілеу программаларын және Тестілеу нәтижелерінің шекті мәнін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2008 жылғы 21 қаңтардағы № 02-01-02/11 бұйрығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 11 қаңтардағы № 06-7/4 Бұйрығы (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 8273 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде № 54 (27993), 2013 жылғы 26 қаңтарда жарияланған).